Көксу кен орнының шунгит жыныстары негізінде әзірленген сорбенттер топырақтағы мұнай және мұнай өнімдерінің деструкциясын арттырады. Ол отандық мұнай өнеркәсібі үшін экономикалық тұрғыдан тиімді.

Бұл жобаны «Көксу» тау-кен компаниясы қолдап отыр. Басты мақсат – шунгит жыныстарын Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін кеңейту. Әрі бұл компания жобаны жүзеге асыруға қажет көмекті беруге дайын. Бұл зерттеулердің ғылыми маңызы жоғары. Өйткені сорбенттердің қасиеттері мен құрылымы, мұнай мен мұнай өнімдерінің сорбциясының механизмі туралы жаңа мәліметтер алуға ықпал етеді.

Көксу кен орнындағы шунгиттен жасалған табиғи сорбент көмір мен силикатты адсорбенттерге тән қасиеттерге ие. Сол себепті де оның мұнай сыйымдылығы жоғары. Бөгде көмірсутек тотықтырушы микроорганизмдер топыраққа енгізілмегендіктен, ондағы табиғи биоценоз сол қалпында сақталады. Бұл – мұнайды ыдыратудың тиімді әдісі. Мұндай сорбентті пайдалану мұнай қалдықтары ластаған жерлердің пайдалы микробиотасына ешқандай кері әсерін тигізбейді.

Кәмпила ДҮЙСЕН

Топырақты мұнайдан тазартатын табиғи минерал

Қазіргі кезде топырақты мұнайдан тазартатын тәсілдер жетерлік. Олардың көпшілігі қымбат, күрделі процестерге негізделген әрі жұмыс барысында қолданылатын реагенттер қолжетімсіз. Сол себепті арзан, тиімді тазарту әдістері қоғам тарапынан қызығушылық туғызуда. Оның бірі – сорбциялық әдіс. Сондықтан ҚазҰУ ғалымдары Көксу кен орнының шунгит жыныстары негізінде сорбенттер әзірлеп шығарды. Жоба жетекшісі – Химиялық физика және материалтану кафедрасының профессоры, химия ғылымының докторы Ердос Оңғарбаевтың айтуынша, мұның ең басты артықшылығы – мұнай қалдықтарымен ластанған жерді соңғы сатысында тазарта алуында. Яғни бұл әдіс топырақтағы мұнай мөлшері 5-10 пайыздан аспайтын жағдайда қолданылады. Әрі екінші рет ластануға мүмкіндік бермей, процесті басқаруға жол ашады.

Шунгит дегеніміз – табиғи минерал немесе пайдалы қазба, еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарында өндіріледі. Ресейде Карелия аумағында өндіріледі. Карелия кен орнының шунгитінен жасалған сорбенттер көмірден 1,5-2 есе арзан және сүзгіш элемент, катализатор, биологиялық залалсыздандырғыш ретінде тиімді. Ағын суларды мұнайдан тазарту үшін өнеркәсіптік жағдайда жүзеге асырылған сынақ барысында осындай қорытынды жасалған. Алматы облысындағы Көксу кен орнындағы шунгит жыныстарының қоры 620 млн тонна деп бағаланады.

Профессордың айтуынша, шунгиттің ерекшелігі – құрамында көміртек және кремний оксиді бар, бұл заттар оның сорбциялық қасиеттерінің жоғары болуын қамтамасыз етеді.

– Әдетте бізге таныс сорбент – белсендірілген көмір тек көміртектен ғана тұратын болса, шунгит құрамында кремний және басқа элементтердің оксидтері мен қосылыстары бар. Факультет ғалымдары бұған дейін шунгит негізінде суды әртүрлі зиянды заттардан тазартатын сүзгіш материалдар әзірлеп, өндіріске шығарғаны бәрімізге белгілі. Біздің жобаның жаңалығы – шунгит негізіндегі сорбентке микроорганизмдер штамдарын иммобилизациялап, алғаш рет топырақты төгілген мұнай және мұнай өнімдерінен тазартуға пайдалану, – дейді Е.Оңғарбаев.

Экологияға қатысты көптеген мәселелерден өркениеттің «қолтаңбасын» байқауға болады. Әсіресе өнеркәсіп өрлей түскен сайын қоршаған ортадағы табиғи процестердің кері кетіп жатқанын көреміз. Мұнайды өндіру, жинау, тасымалдау, сақтау және дайындау, ұңғымаларды жөндеу



кезінде қара алтынның топыраққа таралуы экологиялық мәселеге айналды. Мұнай – табиғатты ластаушы ең қауіпті заттардың бірі. Өйткені ол топырақтағы тіршілік ететін ағзалар мен өсімдіктердің дамуына теріс әсер етеді.

Соңғы жылдары өнеркәсіп табиғи сорбенттерді кенінен пайдаланып келеді. Оған әсер етуші ең басты фактор – сорбенттердің табиғатта кең таралуы. Сол себепті өзіндік құны да төмен. Сонымен қатар олардың сорбциялық қасиеттері жоғары және қолдану технологиясы қарапайым. Бұл минералдар мен табиғи шикізаттарды өнеркәсіптің әртүрлі салаларында пайдалануға болады.

Шунгит суды мұнай мен ауыр металдардың тұздарынан тазартуға мүмкіндік береді. Өйткені оның негізі шунгиттік көміртектен құралған. Шунгиттік көміртектің құрылымы фуллеренге ұқсас, яғни реттелген құрылымы бар, сондай-ақ құрамында алю-

солардың біршамасына тоқтала кетсек. Мәселен, құрамы 1/3 және 3/5 қатынастағы глауконит және бентонит саздарының суспензиясынан, байытылған глауконит және фуллеренді шунгиттен тұратын сорбент бар. Оның мұнай сыйымдылығы төмен болғандықтан, тиімділігі жеткілікті емес және аборигенді мұнай тотықтырушы микроорганизмдердің санын көбейтпейді.

Келесі бір сорбент түрлерін алу үшін шунгит пен гидролизденген лигниннен тұратын қоспаны 100°C-қа дейін қыздырады және аргон немесе азот ортасында температураны 700°C-қа дейін жоғарылатып, карбонизациялайды. Ал шунгит пен күрші қауызынан тұратын сорбентті алу үшін қоспаны 150°C-қа дейін қыздырады, 150-200°C-та дегидратация, аргон немесе азот ортасында 200-400°C-та карбонизация жүргізеді. Бұл сорбенттердің кемшілігі мынада – бастапқы кезеңде шикізатты бірнеше сатыда өңдейді және

Оларды белгілі бір ретпен топыраққа енгізеді: алдымен шунгит пен калий гуматын, сосын бір аптадан кейін цеолит, содан кейін әр екі апта сайын өңделген топырақты араластырып тұрады. Процесс барысын оқып отырып ақ бұл композицияның кемшілігіне көз жеткізуге болады. Өйткені топырақты бірнеше рет өңдеу, қосымша реагенттер пайдалану артық ресурсты қажет етпек.

Шунгит жыныстарын энтеросорбент ретінде ағзаны уытты заттармен микроорганизмдерден тазарту мақсатында қолдану мүмкіндігі бар. Мысалы, бөлшектері 15.0•10⁻⁶ м өлшемдегі шунгит жынысы мен 50-70 массалық пайыз кремний диоксидінен тұратын энтеросорбентті кездестіруге болады. Бірақ оны қолдану микроорганизмдердің сорбциясына қалай әсер ететіні туралы мәлімет жоқ. Одан бөлек, дәл сондай өлшемдегі шунгит жынысы мен 20-50 массалық пайыз кремний диоксидінен тұратын энтеросорбент микроорганизмдердің адсорбциясына әсер еткенімен, жалпы, сорбциялық қабілеті жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр.

Сонымен бірге 500-550°C-та термоөңделген шунгит те сорбент ретінде сыйықтықтарды тазарта алады. Бірақ ол үшін шикізатты жоғары температурада өңдеу қажет.

Ал ҚазҰУ ғалымдары отандық Көксу кен орнының шунгит жыныстарын механохимиялық жолмен активтендіріп, сорбенттер әзірлейді. Нәтижесінде сорбенттер наноқұрылымға ие болып, беттік ауданы, кеуектілігі мен кеуектерінің көлемі өсуі себепті сорбциялық қасиеттері



My name is Mohammad Yaqoob Sarfaraz. I am from Afghanistan. I graduated from Kandahar University in 2014. Now I am a second year master's student in Chemistry at Al-Farabi Kazakh National University. I am the recipient of the scholarship offered by the Government of Kazakhstan to Afghan students.

Before making a decision of choosing to study at Al-Farabi University, I spoke to several Afghan students who have already studied at KazNU and they all had positive opinions of the university.

In 2019, I was really happy to be awarded the scholarship to study at Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan. It was a glorious and unforgettable day in my life! So in October 2019, I came to Kazakhstan. I felt awesome when I saw Ka-

I was really happy to be awarded Al-Farabi University Scholarship

zakhstan for the first time because Kazakhstan was much more beautiful than I had heard about it. Kazakh people are so hardworking, lovely and hospitable. Generally, they welcome all foreigners who visit their country. The Kazakhstani people maintain friendly relations with Afghan people. Within a short time I felt that Kazakhstan is my second homeland.

Kazakh brothers and sisters told me a lot about their culture and took me to historical places. For one year I studied the Kazakh language and I came to know that Kazakh is so friendly and warmhearted language. Learning Kazakh language was a big pleasure for me.

I was so happy to be among lovely and friendly Kazakh people but unfortunately, it was not for

long, because I could not stay there due to Covid 19. I was there almost for seven months. On April 17th I came back to my homeland, and then I continued Kazakh language studies online for two months. Fortunately, I completed the one year Kazakh language course successfully.

When the Covid-19 pandemic hit the country last spring, we, like millions of students around the world, had to shift to online learning. Thanks to the fact that KazNU uses the latest learning technology distance learning was easy.

At first there were some difficulties due to slow internet and electricity problems in Afghanistan. As we know, online learning requires great discipline and time management skills. Our first weeks under

quarantine learning were difficult. It was totally new for us. We were stressed because we couldn't manage our time. But eventually we got adapted to a new schedule and to a novel way of learning.



All KazNU professors are great instructors, very organized, responsive, patient and highly competent teachers. I will never forget their inspirational words. Their knowledge and leadership provides us with a priceless model for our own future careers. I am so happy they are part of I think administration and the teaching staff of KazNU strive to create an environment that is conducive to quality education, and I feel this university is the place where I will get the most out of my time while I am here.

I believe the amount of knowledge I will gain in the subject I am majoring in and the interpersonal skills I will acquire while studying at al-Farabi will be a big investment into my future life and career.

In my opinion, my long term career goals can only be achieved if my studies at university is not only highly productive, but conform to the standards adhered by the field of industry I want to work in.

Mohammad Yaqoob Sarfaraz

The face is one of the most significant parts of the human body and in the framework of politeness theory it is used to represent the whole human being, including physical and non-physical aspects (Bargiela-Chiappini, 2003). The concept of face is a very important aspect of Kazakh culture and behavior. It is rather difficult to find one to one translation of this concept in the Kazakh language. The Kazakh concept of face is made up of combinations of personal traits depending on the individual and the context: good name, honor, the sense of dignity, reputation, pride, self-esteem.

Kazakh concept of face

There are very interesting idioms and proverbs in the Kazakh language with the organ of face that convey the idea of losing face by becoming ashamed, angry or sad. For example: Qara bet - lit.: black face - disgrace; kok bet- lit.: blue face- scandalous; Betsyz- lit.: having no face- shameless; betke basu- lit.: to throw to the face- to say an unpleasant truth to the face; bety ashylgan- lit.: face opened- shameless (about female); the truth discovered (about an inadequate affair, business, crime); betty zherge qaratu- lit.: to look with one's face down on the ground- to be disgraced, discredited.

The examples show that the organ of face in Kazakh is used in the proverbs and idioms in order to indicate more negative emotions than the positive ones. Face is used to describe the psychological states, feelings and emotions, and character and behavior of people.

Thus face is something that is emotionally invested, and that can be lost, maintained, or enhanced, and must be constantly attended to in interaction. In general, people cooperate (and assume each other's cooperation) in maintaining face in interaction, such cooperation being based on the mutual vulnerability of face. That is, normally everyone's face depends on everyone else's being maintained, and since people can be expected to defend their faces if threatened, and in defending their own to threaten others' faces (Brown & Levison, 1987:61).

In daily social interaction man presents himself and his activity to others, strives to guide and control the impressions they form of him, and use definite techniques in order to sustain his performance, just as an actor in theater presents a character to an audience. At the same time in social interactions people cooperate by using politeness strategies to maintain each other's face. The Kazakhs highly value their "face", and all their life they try hard to live up to not to stain their faces, although not everyone can hardly succeed.



The Kazakhs are a very shame-sensitive people. The word "Uiat" - shame is a "strong" and "heavy" word in the Kazakh language. The proverb "Olimnen uiat kushty" - lit.: Shame is stronger than death, proves this idea. Uiat is the measuring yardstick of correct and good actions and behavior. It is an internal ability of a person to evaluate his actions, the ability to measure his behavior in accordance with the moral norms accepted in a society, a sense of moral responsibility for his deeds, actions in front of people. Uiat+syz - shameless - is one of the most humiliating face threats.

The Kazakh communication behavior is guided by the common belief among participants to save each other's face. In fact, many Kazakhs are so sensitive to saving and losing face that they consider it a very serious matter. Kazakhs strive very much to maintain their face which they have earned in the course of their lives in different social situations. They highly value and are emotionally attached to their face, so they are comfortable and content with their life when their face is maintained; loss of face causes deep emotional injury, so in social interactions Kazakhs try hard to cooperate by following the accepted norms of politeness strategies in order not to lose their face since it is something that

cannot be bought, sold or traded. It is something that must be gained and earned by the respect of the people. It is the social standing of a person that is related to the identity or image each person wants to claim in interactions and face-work involves the set of strategies that are used by persons to maintain their face. There are the proverbs: "Eger de zhaman soz estiging kelmese, zhaman soz aitpa" - if you do not want to hear a hurtful word don't say it; "Soz suekten otedy" - lit.: Word pierces the bone. These proverbs imply the following truth: Word is powerful. Be careful with words! A hurtful word is perceived particularly painful which is qualified as a serious face threat to a Kazakh, for example: Adamnyng betin zhyrtyp soileu- lit.: to shame a man by "tearing his face apart", which literally means "to throw wounding words at the man's face". At the same time, it is considered not good to be easily offended. One of the most common Kazakh proverbs is: "Zhaksy adamynyn okpeshi shayi oramal kep-kenshe" (A good person's grudge will go away faster than a thin handkerchief will dry).

**A. Muldagaliyeva,
A. Zhanuzakov,
Foreign Language department
teachers**

«German in the heart» club

For more than 10 years, the German Club «German in the heart» has

been functioning at the Department of Foreign Languages of the Faculty of Philology and World Languages. Club activities allow students to realize their creative talents, reveal their cognitive abilities and general academic skills in the process of learning German.

Participants discuss topics that they are interested in, for example, studying at German universities, modern German music and films, as well as social topics such as health and ecology, the education system, the life of young people in Germany and others. It is the place where favorable conditions are created for communication in German. In the process of communication, students watch films, discuss various topics with each other in German.

Members of the club also took part in the events organized by the Goethe-Institute of Almaty. So, the students took part in the city competition for the best performance of a song in German. The students of the Faculty of Geography and Environmental Management Zakaria Gulsaya, Azamat, Daurbek Azamat and Syrymbet participated in the song festival and they were happy to win the 2nd prize for the performance of the song "Ohne dich" by the famous German music band Ramstein. To give special sound to the performance of the song the students added a dombra to the "mi-

nus". Many events were held devoted to the anniversary of Abai, where students performed Abai's song "Koz'imnin karasy" in different languages of the peoples: in German and Russian, in Kazakh and English, in Turkish, Uyghur, etc. This is what club members say about the club activities:

Amangeldy Togzhan, a 2nd-year student majoring in "Tourism":

The German language is a rich, beautiful, interesting language. It is just an amazing language! While studying German, I learned a lot about Germany, read about the Germans, their culture, customs and traditions etc. I like to learn languages, new cultures, expand my horizons. All this is so interesting and informative. Karina Sadykova, student of the Faculty of Chemistry and Chemical Technology: "Having chosen the German language, I never regretted. After all, it is so interesting and fascinating to study the history and traditions of a country which is far from us! I hope to visit Germany some day."

All these activities contribute to the development of motivation for further acquisition of a foreign language and widening of the students' erudition and world outlook.

**Kulshat ZHIRENSHINA,
Bakhigul TULEUBAYEVA,
Senior Lecturers of the
Department of Foreign
Languages,**

Ғылыми байланыс тереңдей түспек

Технократтық әлемнің күн өткен сайын салалық жаңа қажеттіліктерді ұсынып отыруы бүгінгі күннің шындығына айналып келеді. Осы орайда, табиғат ресурстары мен өндіргіш күштерді толық пайдалануға байланысты дүниежүзінің көптеген елдерінде тақырыптық және кешенді картографиялауға сұраныс көбейді. Дүниежүзілік мұхитты зерттеу және қоршаған ортаның ластануы, онымен күресу мәселелері қазіргі кезде өзекті болып отыр. Оларды толық, дәл көрсету үшін нақты картографиялық түсірімдер мен материалдар қажеттігі туындады.

Қазіргі заман талабына сай, дүниежүзі картографтары мен GIS ғалымдарының Big Data science, Machine learning, Data science, Deep learning көмегімен автоматты түрде карталар құрастыруға қызығушылықтары артуда. Әсіресе АҚШ, Еуропа, Жапония, Ресей ғалымдары GIS технологиясын қолдана отырып, автоматты түрде карта құрастыруды XXI ғасырдың басынан қолға ала бастады. Ғарыштық технология жүйесіндегі мәліметтерді пайдалана отырып, әртүрлі тақырыптық карталарды құрастыру негізінде түрлі сандық технологияларды ойлап табуға, сол арқылы GIS-тің көмегімен қоғамдық жаратылыстану, техникалық ғылымдардың тоғысуын зерттеуге, зерделеуге бағытталған заманауи сандық технологияны қолданудың тиімділігінің аса өзекті екенін көрсетуге болады.

Мәселен, география және ақпараттық технология ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде: геоинформатика және арақашықтықтан зондтау; ландшафттарды картографиялау; табиғи және аумақтық кешендердің антропогендік динамикасы мен құрылымын талдау; физикалық-

география, геоморфология, экология, гидрология және метеорология ғылымдары тоғысында зерттеу; агроландшафттардың географиялық бағыттағы міндеттерін шешу; аймақтағы су тасқындарын және өрт қауіпсіздіктерін алдын ала болжау; табиғаттағы болып жатқан құбылыстарға географиялық талдау жасау секілді толып жатқан мәселелердің түйінін шешуге, кешенді түрде зерттеу жүргізуде GIS-тің маңызы зор.

Сонымен қатар сандық технология, жоғары ақпараттық технология, геоақпараттық технология, жерді арақашықтықтан зерделеу, экологиялық бағалау, ғарыштық технологияларға байланысты мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттары қарқынды дамып келеді. Сондықтан сандық кеңістіктегі ғылымның түрлі түйінін шешуде GIS – аса қажет дүние. География ғылымдарын математикаландыру картографиялық зерттеу әдістерінің көмегі мен «көпір» қызметін атқаруы арқасында іске асырылды.

Картографияның келешегіне көз сала отырып, біріншіден, тақырыптық картографияның одан әрі тиімді дамуының қажет-



тілігін байқаймыз. Мемлекет аумағындағы табиғи ресурстарды картада толық көрсетуді және халық шаруашылығының әртүрлі салаларын, сонымен бірге халыққа қызмет көрсету салаларын тиімді пайдалану үшін әр сала бойынша толық карта жасау қажеттігі күшейе түсті. Урбанизацияның өсуі және қалаларды қайта жөндеу қаланың ерекше картографиясының дамуына алып келді.

Осы себепті 2019 жылы Қазақстан көлемінде, оның ішінде ең алғаш рет Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің Картография және геоинформатика кафедрасында «Геоинформатика»

мамандығы ашылды. Дәл осы жылы бакалавр, магистратура, докторантура деңгейлері, қос-дипломдық білім беру бағдарламалары негізінде кешенді түрде толық ашылуы аталған мамандықтың қоғамға қажеттілігін әрі үлкен сұранысқа ие екенін көрсетті.

Қазіргі таңда ҚазҰУ мен әлем университеттері арасындағы білім интеграциясы бұл мамандықты терең игеруге жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр. Мәселен, Картография және геоинформатика кафедрасында «Геоинформатика», «Геодезия» мамандықтары бойынша білім алып жатқан 2-курс магистранттары Йылдыз техникалық университетінен ғылыми тағылымдамаларын сәтті

аяқтады. Сондай-ақ университет тарапынан көрсетілген сертификаттары мен сый-сияпаттарын алды. Екі апта бойы түрік ғалымдарынан алған білімі мен іс-тәжірибелері болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуына ықпал етеді деп сенеміз. Осы жолы магистранттарға координатор ретінде Түркия еліне бірге баруымызды басты себебі – жаңадан ашылған «Геоинформатика» мамандығы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Йылдыз техникалық университетінің арасында келісім орнатты.

Болашақта келісімшарт бойынша студенттерді академиялық ұтқырлық, оқытушыларды ғылыми-тәжірибе алмасу, қос диплом алу секілді бағдарламалармен байланыс орнатуға алғышарттар жасалды. Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық пен ортақ мүдделерге қызмет ететін меморандумдар осындай келісімшарттар мен іссапарлардан басталса керек. Өзіндік тарихы мен даму жолы қалыптасқан Йылдыз университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің картографиялық және геоинформативтік бағыттағы болашақ мамандарының бірлескен игі істері екі мемлекет арасындағы ғылыми байланыстың тереңдей түсуіне жол ашады деп үміттенеміз.

Еркін КӘКІМЖАНОВ,
PhD докторы,
Картография және геоинформатика кафедрасының доценті м.а.

Геокеңістіктік инженерия – келешектің кепілі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жоғары білім беру әлеуетін арттыру» бағдарламасы аясында Эразмус+ халықаралық жобасын жүзеге асыруда. Осы мақсатта Еуропалық комиссияның қаржыландыруымен «Жағалаудағы экожүйелерді климаттың өзгеруіне бейімдеуге арналған геокеңістіктік инженерия бойынша жаңа курстар-GEOCLIC» жобасы іске қосылған еді.

GEOCLIC жобасының негізгі мақсаты – Қазақстан, Әзірбайжан және Түрікменстанда бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде экология, жағалау инженериясы және басқару, сондай-ақ Каспий теңізінің экожүйесін жақсарту саласында мамандар даярлау. Ол нарық талаптарына және озық практикаға сәйкес келетін инновациялық үш

деңгейлі оқу жоспарлары арқылы жұмыс істейді.

– Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғауға қатысты шешімдер қабылдау үшін спутниктік және жерүсті деректерін түсіну, түрлендіру және түсіндіру үшін құзыреттері мен дағдылары бар мамандар жеткіліксіздігін байқаймыз. Сондай-ақ жағалау аймағының экология, басқару және



инженерия саласында мамандардың болмауы Каспий теңізі өңірінің экономикалық дамуына әсер етеді. Спутниктік суреттер мен қашықтықтан зондтау арқылы жағалау аймағының динамикасын талдауға арналған бағдарламалар мен жабдықтардың жетіспеушілігі геокеңістіктік инженерия және Жерді қашықтықтан зондтау саласы мамандарының кәсіби қызметіне кедергі келтіреді, – дейді Механика кафедрасының меңгерушісі Зәуре Рақышева.

Жобаны іске асыруға Әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ-дың екі факультеті: механика-математика, география және табиғатты пайдалану факультеті, сондай-ақ жеті елден 17 ұйым тартылған. Консорциумға қатысушы елдер:

- Германия – Берлин техникалық университеті, EXOLAUNCH GmbH компаниясы;
- Румыния – Констанца теңіз университеті;
- Литва – Гедиминас атындағы Вильнюс техникалық университеті;
- Нидерланды – Твенте уни-

верситеті геоинформатика және жерді бақылау факультеті;

– Қазақстан – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженерия университеті, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің География институты;

– Әзірбайжан – Баку мемлекеттік университеті, Әзірбайжан ұлттық авиация академиясы, Әзірбайжан сәулет-құрылыс университеті, Мингячевир мемлекеттік университеті, Халықаралық экоэнергетика академиясы;

– Түрікменстан – С.Ниязов атындағы Түрікмен ауыл шаруашылығы университеті, Мақтұмқұлы атындағы Түрікмен мемлекеттік университеті, Халықаралық гуманитарлық ғылымдар және даму университеті.

GEOCLIC жобасын іске асыру барысында Staff costs бойынша құжаттарды дұрыс толтыру бойынша Workshop секілді бірқатар іс-шаралар өткізілді. Ендігі негізгі мақсаттың бірі – әріптес елдердегі ұйымдар, Еуропалық одақ ЖОО және кәсіпорындар арасында берік ғылыми және академиялық байланыстар орнату. Бұл студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша білім алуына, докторанттарды даярлау бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдамалардан өтуіне және геокеңістіктік инженерия және ғарыштық мониторинг саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік береді.

Кәмпила ДҮЙСЕН



Түлектеріміз Бейжің олимпиадасында бақ сынауда

XXIV қысқы олимпиада Қытай астанасы Бейжіңде 4-20 ақпан аралығында өтеді. Аспанасты елінде болатын бұл турнир төрткіл әлем асыға күткен спорт саңлақтарының сайысы. Бейжің олимпиадасында жеті спорт түрі бойынша еліміздің намысын 34 спортшы қорғамақ. Олардың қатарынан Бейжің XXIV қысқы олимпиадасына қатысуға лицензия жеңіп алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері де төбе көрсетті.

Дмитрий Морозов – конькиші, ҚР Кубогының иегері, конькимен жүгіруден республиканың бірнеше дүркін чемпионы. ҚазҰУ-дың Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2019 жылғы түлегі. Коньки тебуден студенттер арасында IV әлем чемпионатында екінші орын иеленсе, ал төрт күрлық чемпионатында алтын медальды қанжығасына байлаған. Ол 2022 жылы Бейжіңде өтетін олимпиада туралы өз ойымен бөлісті. «Мен өзімнің физикалық дайындығымды жақсы бағалаймын. Бейжің олимпиадасында бар күш-жігерімді салуға дайынмын», – деді спортшы.

Еске сала кетсек, Бейжің олимпиадасында бес қазақстандық конькиші бақ сынамақ. Мүз айдынында Дмитрий Морозовтан бөлек, оқу ордасының тағы бір түлегі – Надежда Морозова да бар.

Надежда Морозова – Әлем чемпионатының қола медаль иегері. 2021 жылы конькимен жүгіруден әлем чемпионаты кезінде Қазақстанның рекордын жаңартқан. ҚазҰУ-дың Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2019 жылғы түлегі. Ол да Бейжіңде олимпиада алдындағы жаттығулардың қалай өтіп жатқаны туралы



Дмитрий Морозов

өз пікірін білдірген-ді: «Мұндағы атмосфера, шынымды айтсам, алаңдатады, барлық жерде бетпердемен жүру керек. Осы жағы ыңғайсыз. Бірақ, жалпы, бізде бәрі жақсы. Жоспар бойынша дайындалудамыз. Ал арена керемет, өте әдемі», – деді спортшы.

Жанбота Алдабергенова – фристайлдан халықаралық дәрежедегі спорт шебері (акробатика), 2011 жылғы Қазақстан Республикасының Кубогында спортшы бірінші орын иеленсе, 2012 жылы Раубичтерде (Беларусь) Еуропа кубогының кезеңінде қола жүлдегер атанды. 2015 жылы (Италия) Әлем чемпионатының күміс жүлдегері және Еуропа кубогы кезеңдерінің бірнеше дүркін жеңімпазы мен жүлдегері. 2015-2016-шы маусымның абсолюттік чемпионы. Әлем кубогының күміс жүлдегері.

2014 жылғы Сочи олимпиадасында 6-шы нәтиже көрсетті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің түлегі.

Фристайл-акробатикадан Қазақстан құрамасының көшбасшысы Жанбота



Жанбота Алдабергенова



Надежда Морозова

Алдабергенова Бейжіңде өтетін олимпиадада өнер көрсетпек. Олимпиада ойындары қарсаңында жанкүйерлер алдында сөйлеген сөзінде: «Төрт жылдың ең маңызды жарысы санаулы күннен кейін басталады. Спортшыларда, жанкүйерлер де олимпиада ойындарын асыға күтті. Барша қазақстандық жанкүйерлерді ұлттық құраманы қолдауға шақырамын. Біз үшін барлығының қолдауы маңызды», – деді спорт шебері.

Ел абыройын қорғауға білек сыбана кіріскен барша спортшыларға елге жеңіспен оралуына тілекшіміз. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы өз түлектерін мақтан тұта отырып, Бейжің олимпиадасында намысты қолдан бермей, биік белестерден көрінеріне сенім білдіреді және спортшылардың жеңіс тұғырынан көрінетін сәті де алыс емес деген үмітте.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ



ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Елдос СМЕТОВ,

дзюдошы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Рио-де-Жанейро олимпиадасының күміс жүлдегері, Токио олимпиадасының қола жүлдегері

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.